



«Ханарық жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ

Әлеуметтік
педагогтың 2021-
2022 жылы атқарған
жұмыстарының
жылдық есебі

Әлеуметтік педагог: К.Анарметов

Ханарық ауылы

Әлеуметтік педагогтің мақсаты:

- ☐ Оқушының әлеуметпен жан-жақты қарым-қатынас құру.
- ☐ Әлеуметтік мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
- ☐ Оқушылардың қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез-құлқындағы ауытқушылықтарын анықтайды және көмек көрсетеді.
- ☐ Өмірі мен денсаулығын қорғауға іс-әрекет жасайды.
- ☐ Аз қамтылған балалар мен отбасымен жұмыс жүргізеді.

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны	426
	Оның ішінде:	
	Ұл бала саны	200
	Қыз бала саны	226
2	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны	1
3	Жартылай жетім балалар саны	6
	Әкесі қайтыс болған	6
	Анасы қайтыс болған	-
4	Аз қамтамасыз етілген отбасыдан шыққан балалар саны	26
	Жалғызбасты аналардың балалары	2
	Ата-анасы ажырасқан балалар саны	11
5	Көп балалы отбасынан шыққан балалар саны	122
6	Оралман оқушылар саны	-
7	Мүгедек балалар саны	6

Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Ханарық жалпы орта білім беретін мектебі» КММде өткізілген
«Қайырымдылық акциялары» туралы мәлімет
2021-2022 оқу жылы

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, қайырымдылық акциялары туралы мәлімет беру, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Өз міндетіне жету үшін әлеуметтік педагог баланы, оның ахуалын, дағдарысының деңгейін, одан шығу жолдарын зерттейді. Бұл әлеуметтік педагогтың негізгі мақсаттарының бірі.

Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысы жыл басында бекітілген жылдық жоспар негізінде жүргізілді.

Бала тәрбиесін жүйелі жүргізу үшін тәрбиешіге немесе сынып жетекшісіне баланың отбасы құрамын, тұрмыс жағдайын, ата-ананың білімі мен қаншалықты балаға уақыт бөлетінін, отбасындағы психологиялық ахуалды, баланың жеке психологиялық даму деңгейін, т.б. білу мақсатында біршама педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттер жасалынды.

Мектеп бойынша әр отбасының әлеуметтік статусы анықталды.

Отбасының әлеуметтік статусы мынадай параметрлермен белгіленді:

Жоғары деңгей: ата-аналары жоғары білімді, мамандығы бойынша жұмыс істейді, табыстары адам басына бөлгенде жеткілікті, тұрмысы жақсы, бала тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөледі.

Орта деңгей: ата-аналарының білім арнаулы орта, отбасы толық емес, бала тәрбиесімен көбінесе жалғыз анасы ғана айналысады, отбасының табысы тек өздерінің күнделікті тіршіліктеріне ғана жетеді.

Төмен деңгей: ата-аналары жұмыс істемейді немесе өзінің мамандығына сай емес жұмыспен айналысатындары, табысы төмен, білім деңгейі орта, жалдамалы пәтерде тұрады, тұрғылықты жерін жиі ауыстырады.

Жоғарыда аталған факторлар баланың жақсы оқып бірқалыпты дамуына да қатты әсерін тигізеді.

Төмен деңгейдегі отбасының көшіп қонуы баланың мектеп ауыстырып, ол мектепке үйренуі, сыныптағы оқушылармен тіл табысуы, сыныптық, мектепішілік қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуына да кедергі жасайды.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

1) Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталап, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көп балалы отбасының саны 33 жетті.

2) Қыркүйек пен қаңтар айларында «Қамқорлық» акциясы онлайн түрде ұйымдастырылып, табысы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетіліп, «Білім қоры тарапынан» берілген заттар табысталды

3) Жалпы мектептегі оқушыларға әлеуметтік жағдайы анықталып келесідей проценттер құрылды.

Жалпы оқушы саны – жыл басында 474 бала (жылдың аяғында 472 бала)

Ата-анасынан айырылған, қамқоршылықтағы балалар – 1 оқушы,

Әкесі жоқ балалар – 5 оқушы,

Отбасында мүгедек балалар бар отбасы – 9 оқушы

Көп балалы отбасылар – 122 оқушы,

Аз қамтылған отбасылар – 26 оқушы,

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

ABC

✕ ✕



REDMI NOTE 9S
AI QUAD CAMERA




REDMI NOTE 9S
AI QUAD CAMERA



REDMI NOTE 9S
AI QUAD CAMERA

Жалпыға бірдей міндетті аудандық білім қорынан әлеуметтік статустағы 31 оқушыға кеңсе заттары берілді және де оларды мектептің «Қамқоршылық кеңесі» мүшелері табыстады.



31 оқушыға оқу құралдары табысталды. Әр оқушыға пенал, түрлі-түсті қағаздар, дәптерлер мен кітапқа арналған қаптағыш, дәптерге арналған қаптағыш, сурет дәптерлері, циркуль топтамасы, сызғыш топтамасы, ермексаз, фломастер, 1 қорап түрлі-түсті қалам, қара қалам, қалам ашығыш, өшіргіш, көк қаламсаптар, желім, жазу тақтасы, кітапқа арналған тіреуіш үлестірілді.

Жалпыға бірдей міндетті аудандық білім қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын 8 отбасы балаларына мектеп формасы, спорттық киім берілді және де оларды мектептің «Қамқоршылық кеңесі» мүшелері табыстады.



Жалпыға бірдей міндетті аудандық білім қоры есебінен аз қамтамасыз етілген әлеуметтік статустағы отбасынан шыққан 26 оқушыға

және жартылай жетім, патронат – 5 оқушыға сумка берілді және де оларды мектептің «Қамқоршылық кеңесі» мүшелері табыстады

2021жылы тамыз-қыркүйек айларында Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан әлеуметтік статуска ие (АӘК, жартылай жетім) 31 оқушыға мектеп формасы, сумка, аяқ-киім және спорттық киім берілді.



2021-2022 оқу жылында «Мектепке жол» атты қайырымдылық акциясының ұйымдастыруымен «Жалпыға бірдей міндетті аудандық білім қорынын» атаулы әлеуметтік көмек алатын жартылай жетім, аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан әлеуметтік статуска ие (АӘК) 53 оқушыға қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында әлеуметтік пакет берілді және тиесілі оқушылардың ата-аналарына дер кезінде таратылып берілді.

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан әлеуметтік статуска ие (АӘК) 53 оқушыға қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында әлеуметтік пакет берілді және тиесілі оқушылардың ата-аналарына дер кезінде таратылып берілді.



28.12.2021 жылы Аудандық білім бөлімі тарапынан мектептегі әлеуметтік статуска ие 2-оқушыға жаңа жылдық сыйлық үлестірді.



28.12.2021 жылы Аудандық білім бөлімі тарапынан мектептегі әлеуметтік статуска ие 2-оқушыға жаңа жылдық сыйлық үлестірді.


Республика бойлап қайырымдылық акциялары еліміздің барлық мектептерінде жүріп жатыр. Әдеттегідей бұл шараға Ханарық жалпы орта білім беретін мектебі де атсалысып, балаларға, әсіресе әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға, ата-ана қамқорлығынан айырылған оқушыларға қаржылай көмек көрсету мақсатында арнайы сенім жәшігін қойды. Сенім жәшігіне әр адам қолынан келгенінше қаржылай ақша салып, көмек қолын созуда.

3.10. 2021 жылы мектепте өткізілген «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы




Акцияның мақсаты: ата-анасының қамқорлығынан айырылған оқушылармен бірге әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан балаларға қол ұшын беру, барынша қамқорлық жасау, түскен қаражатқа оқу құралдарын, керек-жарақтарын алып беру.

**3.10.2021 жылы мектепте өткізілген
«Қамқорлық» қайырымдылық акциясында
мектеп мұғалімдер тарапынан әлеуметтік статусқа
ие бірнеше оқушыға оқу құралдары табысталды**



Демеушілер есебінен 5 оқушының үйіне азық-түлік таратылды, 3 оқушыға кеңсе заттары берілді.



Ата-ана мейіріміне зәру балаларға қандай көмек көрсетсең де жарасады, «жетім көрсең жебей жүр» деген, осы орайда мектепте тәрбие одағы және сынып жетекшілерінің атсалысуымен, 8-11 сынып оқушылары «Қамқорлық акциясы» атты жәрмеңке ұйымдастырды. Жәрмеңкеге оқушылар өз қолдарымен пісіріп әкелген тәтті тоқаштар және нанның түрлері, бәліштер қойылды. Жәрмеңкеге шығарылған тәттілер лезде өтіп кетті, себебі тәттілердің бағасына қарамай мектеп қызметкерлері сатып алуға асықты. Жәрмеңкеден түскен бір күндік 5000 теңге сенім жәшігіне салынды. Акция барысында 9500 теңге жиналды. Жиналған қаражат 4 оқушыға оқу құралдарын алуға: дәптер, ручка, қалам алуға жұмсалды: дәптер – 3500 тг, ручка – 500тг, қалам – 500тг, тақтайша – 5000тг.



Сонымен қатар, өзге де қайырымдылық қорлары тарапынан әлеуметтік жағдайы төмен екі отбасына азық-түліктермен көмек берілді. «Балаға мейірім сыйла!» ұранымен өтіп жатқан қайырымдылық акциясы алдағы күндері жалғасын таппақ. Соған қол ұшын беріп көмектесемін деген жомарт жандарды әрқашанда күтеміз.

«Жалпыға бірдей міндетті аудандық білім қорының» берілген көмектер

№	Не берілді	Білім қоры есебінен көмек алған оқушы	Берілген қаражат есебі 1 оқушыға есептегенде	Жалпы суммасы
1	Киім-кешек	31 оқушы	60585 тенге	1 878 135 тенге
2	Әлеуметтік пакет	53 оқушы	28916 тенге	1 532 548 тенге
	жалпы			3 410 683 тенге

Демеушілер есебінен берілген көмектер

№	Не берілді	Бюджеттен тыс қаражат есебінен көмек алған оқушы	Бюджеттен тыс қаражат есебі 1 оқушыға есептегенде	Жалпы суммасы
1	Азық-түлік	5 оқушы	6000 тенге	30 000тенге
2	Оқу құралдары	7 оқушы	2430 тенге	17 000тенге
	Жалпы 12 оқушыға			47 000тенге

Мектеп директоры _____ Ю. Корганбаев

Әлеуметтік педагог _____ К. Анарметов

